

Біліктілікті Арттырудың Қазақстандық
Өңіраралық Орталығы
Қазақстан Республикасы, 050002,
Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 36 үй,
5 қабат, 520-521 офис
Моб.тел.ватцап :8747 7922734
info@kmcprk.kz
www.kmcprk.kz



Казахстанский Межрегиональный
Центр Повышения Квалификации
Республика Казахстан, 050002,
город Алматы, ул.Пушкина,36
5 этаж,офис 520-521
Моб.тел.ватцап :8747 7922734
info@kmcprk.kz
www.kmcprk.kz

Бекітілген
Оқу ағарту ҚР министрлігінің
сараптамалық кеңес
қорытынды негізінде 10.07.2026 ж
Э.А. Естемесова

**«Қазіргі мектептің трансформациясы жағдайында білім
алушыларды әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу»
атты біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

Жалпы ережелер

«Қазіргі мектептің трансформациясы жағдайында білім алушыларды әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу» атты біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жалпы білім беретін мектептердің әлеуметтік педагогтеріне арналған.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының білім беру, балалардың құқықтарын қорғау және әл-ауқатын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдықтарын, сондай-ақ білім алушыларды әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін ескере отырып әзірленді.

Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты – қазіргі мектептің трансформациялануы жағдайында білім алушыларды әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу, олардың әл-ауқаты мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында әлеуметтік педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Тыңдаушылардың білім алушыларды әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеудің заманауи тәсілдері, кәсіби қызметтің нормативтік-құқықтық және этикалық негіздері туралы білімдерін жетілдіру.

2. Әртүрлі санаттағы білім алушыларды, оның ішінде тәуекел тобындағы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар және өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушыларды анықтау, сүйемелдеу және қолдау бойынша тәжірибелік дағдыларды дамыту.

3. Білім алушылардың әл-ауқатын (well-being) қамтамасыз ету, қауіпсіз, қолдау көрсететін және инклюзивті білім беру ортасын құру бойынша құзыреттіліктерді жетілдіру.

4. Буллингті, зорлық-зомбылықты, құқық бұзушылықтарды және білім алушылардың тәуекелді мінез-құлқының өзге де нысандарын алдын алу саласындағы құзыреттіліктерді дамыту.

5. Ата-аналармен (заңды өкілдермен), педагогтермен, сүйемелдеу мамандарымен және ведомствоаралық өзара іс-қимыл субъектілерімен өзара әрекеттесу дағдыларын жетілдіру.

6. Тыңдаушылардың цифрлық әлеуметтену, білім алушылардың онлайн-қауіпсіздігі және кәсіби қызметте цифрлық технологияларды пайдалану мәселелері бойынша цифрлық құзыреттілігін арттыру.

Әлеуметтік-педагогикалық қызметті жоспарлау, бақылау және тиімділігін бағалау, сондай-ақ үздіксіз кәсіби дамуға дайындығы бойынша құзыреттіліктерді дамыту.

Бағдарламаны меңгеруден күтілетін нәтижелер:

Бағдарламаны меңгеру қорытындысы бойынша тыңдаушылар:

Біледі:

- 1) әлеуметтік педагог қызметінің нормативтік-құқықтық және этикалық негіздерін;
- 2) білім алушыларды әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеудің заманауи тәсілдері мен технологияларын;
- 3) әртүрлі санаттағы білім алушыларды сүйемелдеу ерекшеліктерін;
- 4) білім алушылардың әл-ауқаты мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің заманауи тәсілдерін;
- 5) пәнаралық және ведомствоаралық өзара іс-қимыл тетіктерін;
- 6) білім алушылардың цифрлық әлеуметтенуі мен цифрлық қауіпсіздігінің негіздерін.

Істей алады:

- 1) білім алушыларды олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыруды;
- 2) тәуекел тобындағы білім алушыларды анықтауды және әлеуметтік-педагогикалық қолдау шараларын айқындауды;
- 3) білім алушыларды сүйемелдеудің жеке маршруттарын әзірлеуді және іске асыруды;
- 4) білім беру ортасында алдын алу жұмыстарын жүзеге асыруды;
- 5) отбасымен, педагогтермен және ведомствоаралық өзара іс-қимыл субъектілерімен өзара әрекеттесуді;
- 6) кәсіби қызметінде цифрлық технологияларды пайдалануды.

Меңгереді:

- 1) білім алушыларды әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу технологияларын;

- 2) әлеуметтік тәуекелдерді ерте анықтау және алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру әдістерін;
- 3) пәнаралық және ведомствоаралық өзара іс-қимыл технологияларын;
- 4) әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тиімділігін бақылау және бағалау құралдарын;
- 5) кәсіби рефлексия және өзін-өзі бағалау тәсілдерін.

Оқу нәтижелерінің әлеуметтік педагогтердің тәжірибелік жұмысына ықпалы. Бағдарламаны меңгеру нәтижесінде әлеуметтік педагогтердің кәсіби қызметін қазіргі мектептің трансформациялануы жағдайында білім алушыларды әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыруға қойылатын заманауи талаптарға сәйкес жетілдіру қамтамасыз етіледі.

5.Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Күндізгі оқытудың оқу-тақырыптық жоспары

№	Тақырып	Дәріс	Семинар	Тәжірибелік жұмыс	Тренинг	Тынд. өз. жұмысы(ТӨЖ)	Тестілеу	Жиыны
1	Әлеуметтік педагогтің кәсіби қызметіндегі заманауи тәсілдер	4	2	2	4			12
1.1	Қазіргі мектептің трансформациялануы жағдайындағы әлеуметтік педагог: рөлі, функциялары және кәсіби жауапкершілігі.	2						2
1.2	Білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың нормативтік-құқықтық негіздері.		2		2			4
1.3	Әлеуметтік-педагогикалық қызметтің заманауи технологиялары мен әдістері.	2			2			4
1.4	Әлеуметтік педагогтің кәсіби этикасы және кәсіби жауапкершілік шекаралары.			2				2
2	Білім алушыларды әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу және олардың әл-ауқатын қамтамасыз ету	4	2	2	4	4		16

2.1	Білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі білім алушыларды әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу.				2	2		4
2.2	Білім алушылардың әл-ауқаты (well-being) сүйемелдеудің нәтижесі ретінде .				2			2
2.3	Әлеуметтік тәуекелдерді ерте анықтау және тәуекел тобындағы білім алушыларды сүйемелдеу.	2		2				4
2.4	Әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеудің жеке траекториялары.	2				2		4
2.5	Білім алушыларды сүйемелдеу жүйесіндегі пәнаралық өзара іс-қимыл.		2					2
3	Қауіпсіз және қолдау көрсететін мектеп ортасы	4	2	6		4		16
3.1	Мектепте қауіпсіз және қолдау көрсететін білім беру ортасын құру.	2		2				4
3.2	Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу: мектеп алгоритмдері мен кейстер	2		2				4
3.3	Өзін-өзі өлтіруге бейім мінез-құлықтың алдын алу: ерте маркерлер, қолдау, көмекті бағыттау		2			2		4
3.4	Қамқорлық, құрмет және зорлық-зомбылықсыз өзара әрекеттесу мәдениетін қалыптастыру			2				2
3.5	Жасөспірімдердің тәуекелді мінез-құлықтарының алдын алудың шетелдік тәжірибесі.					2		2
4	Мектеп, отбасы серіктестігі және ведомствоаралық іс-қимыл	2	2	4	2			10
4.1	Білім алушыларды сүйемелдеу жүйесінде ата-аналармен (заңды өкілдермен) өзара іс-қимыл.	2		2				4
4.2	Өмірлік қиын жағдайдағы отбасын әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу.				2			2
4.3	Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі мамандарының командалық жұмысы.			2				2
4.4	Білім алушылардың құқықтары мен әл-ауқатын қорғау бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл (әлеуметтік қызметтер, ПМПК, құқық қорғау органдары).		2					2

5	Білім алушылардың цифрлық әлеуметтенуі және онлайн-қауіпсіздігі		4	2	4	2		12
5.1	Балалар мен жасөспірімдердің цифрлық әлеуметтенуі: мүмкіндіктер мен тәуекелдер		2					2
5.2	Цифрлық мәдениет пен желідегі жауапты мінез-құлықты қалыптастыру				2			2
5.3	Кибербуллингтің және өзге де цифрлық тәуекелдердің алдын алу			2		2		4
5.4	Онлайн-коммуникация, цифрлық этика және психологиялық қауіпсіздік.				2			2
5.5	Балалардың цифрлық қауіпсіздігі мәселелері бойынша ата-аналармен өзара іс-қимыл		2					2
6	Әлеуметтік педагог қызметін басқару және оның тиімділігін бағалау	2		6	2	2		12
6.1	Әлеуметтік педагог қызметін жоспарлау және ұйымдастыру.			2				2
6.2	Білім алушыларды әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеудегі кейс-менеджмент.					2		2
6.3	Әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тиімділігін бақылау және бағалау.	2		2				4
6.4	Әлеуметтік-педагогикалық қызметті басқарудағы цифрлық технологиялар мен талдау құралдары.				2			2
6.5	Әлеуметтік педагогтің құжаттамасы, кәсіби рефлексиясы және кәсіби дамуы.			2				2
7.	Қорытынды тестілеу						2	2
Барлығы:		16	12	22	16	12	2	80

Ескерту: 1 академиялық сағат - 45минут

Қашықтықтан оқытудың оқу-тақырыптық жоспары

№	Тақырып	Қашықтықтан оқыту 40 сағат							Өзіндік оқу 40 с .	Жиыны
		Онлайн-дәріс	Вебинар	Онлайн-прктикум	Онлайн-кеңес беру	Онлайн-форум	Онлайн-	Тестирование		
1	Әлеуметтік педагогтің кәсіби	3	1						4	8

	қызметіндегі заманауи тәсілдер								
1.1	Қазіргі мектептің трансформациялануы жағдайындағы әлеуметтік педагог: рөлі, функциялары және кәсіби жауапкершілігі.	1						1	2
1.2	Білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың нормативтік-құқықтық негіздері.		1					1	2
1.3	Әлеуметтік-педагогикалық қызметтің заманауи технологиялары мен әдістері.	1						1	2
1.4	Әлеуметтік педагогтің кәсіби этикасы және кәсіби жауапкершілік шекаралары.	1						1	2
2	Білім алушыларды әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу және олардың әл-ауқатын қамтамасыз ету		3	3	2			8	16
2.1	Білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі білім алушыларды әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу.		1					2	3
2.2	Білім алушылардың әл-ауқаты (well-being) сүйемелдеудің нәтижесі ретінде .			2				2	4
2.3	Әлеуметтік тәуекелдерді ерте анықтау және тәуекел тобындағы білім алушыларды сүйемелдеу.				2			2	4
2.4	Әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеудің жеке траекториялары.		2					1	3
2.5	Білім алушыларды сүйемелдеу жүйесіндегі пәнаралық өзара іс-қимыл.			1				1	2
3	Қауіпсіз және қолдау көрсететін мектеп ортасы	2	2	1	1	1	1	9	18
3.1	Мектепте қауіпсіз және қолдау көрсететін білім беру ортасын құру.		1			1		2	5

3.2	Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу: мектеп алгоритмдері мен кейстер	1						2	3
3.3	Өзін-өзі өлтіруге бейім мінез-құлықтың алдын алу: ерте маркерлер, колдау, көмекті бағыттау	1			1		1	2	5
3.4	Қамқорлық, құрмет және зорлық-зомбылықсыз өзара әрекеттесу мәдениетін қалыптастыру		1					2	3
3.5	Жасөспірімдердің тәуекелді мінез-құлықтарының алдын алудың шетелдік тәжірибесі.			1				1	2
4	Мектеп, отбасы серіктестігі және ведомствоаралық іс-қимыл	1	1	1			2	5	10
4.1	Білім алушыларды сүйемелдеу жүйесінде ата-аналармен (заңды өкілдермен) өзара іс-қимыл.		1					1	3
4.2	Өмірлік қиын жағдайдағы отбасын әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу.	1						1	2
4.3	Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі мамандарының командалық жұмысы.						2	1	4
4.4	Білім алушылардың құқықтары мен әл-ауқатын қорғау бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл (әлеуметтік қызметтер, ПМПК, құқық қорғау органдары).			1				2	2
5	Білім алушылардың цифрлық әлеуметтенуі және онлайн-қауіпсіздігі		1	1	2		3	8	15
5.1	Балалар мен жасөспірімдердің цифрлық әлеуметтенуі: мүмкіндіктер мен тәуекелдер		1					2	3
5.2	Цифрлық мәдениет пен желідегі жауапты мінез-құлықты қалыптастыру				1			2	2
5.3	Кибербуллингтің және өзге де цифрлық тәуекелдердің алдын алу				1			2	3
5.4	Онлайн-коммуникация, цифрлық этика және психологиялық қауіпсіздік.			1			1	1	3

5.5	Балалардың цифрлық қауіпсіздігі мәселелері бойынша ата-аналармен өзара іс-қимыл						2		1	3
6	Әлеуметтік педагог қызметін басқару және оның тиімділігін бағалау		2	3			1		6	12
6.1	Әлеуметтік педагог қызметін жоспарлау және ұйымдастыру.		1						1	2
6.2	Білім алушыларды әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеудегі кейс-менеджмент.		1						1	2
6.3	Әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тиімділігін бақылау және бағалау.			1					2	3
6.4	Әлеуметтік-педагогикалық қызметті басқарудағы цифрлық технологиялар мен талдау құралдары.			1					1	2
6.5	Әлеуметтік педагогтің құжаттамасы, кәсіби рефлексиясы және кәсіби дамуы.			1			1		1	3
7.	Қорытынды тестілеу							2		2
	Жиыны	6	10	9	5	1	7	2	40	80

Ескерту: 1 академиялық сағат - 45минут

Оқытудың күтілетін нәтижелері Бағдарламаның мақсаты мен міндеттерімен логикалық және мазмұндық тұрғыдан өзара байланысты, ал модульдік құрылым:

- кәсіби құзыреттіліктердің кезең-кезеңімен қалыптасуын;
- теориялық түсінуден тәжірибелік қызметке өтуді;
- әлеуметтік педагогтың жұмысындағы алдын алу, қолдау көрсету, талдау және цифрлық құрамдас бөліктерінің интеграциясын қамтамасыз етеді.

Мұның бәрі тыңдаушылардың қазіргі заманғы жалпы білім беретін мектепте тәжірибелік қызметке кәсіби дайындығына ықпал етеді.